ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Электр станциялары, тораптары және желілері
кафедрасы

«Қорғауға жіберілді»
Кафедра меңгерушісі
т.ғ.к. доцент Улбеткулов Е.К.
(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)
«_____» _____ 20___ ж.
(қолы)

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: Оңтүстік су электр станциясын жобалау (Алматы облысы мысалында)

мамандығы бойынша

Орындаған Сабралиев Мағжан ЭСк-12-01
(аты - жөні) (тобы)

Жетекші т.ғ.к. профессор Жәкин Ғ.Х.
(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Кеңесшілер:

Экономикалық бөлім бойынша :
э.ғ.к. профессор Жақупов А.Ә.
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
(қолы) «03» мамыр 2016 ж.

Өмір тіршілігі қауіпсіздігі бойынша:
т.ғ.к. доцент Әзімұратов Ж.С
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
(қолы) «30» наурыз 2016 ж.

Нормбақылаушы:
доцент Жергеусізова М.Ә.
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
(қолы) «04» мамыр 2016 ж.

Пікір жазушы :
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
«____» _____ 20___ ж.
(қолы)

Алматы 2016

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Электроэнергетика факультеті
5В071800 – Электр энергетикасы мамандығы
ЭССиС кафедрасы

жобаны орындауға берілген

ТАПСЫРМА

Студент Сабраменов Мейрхан Мустафаұлы
(аты - жөні)

Жоба тақырыбы Аз қуатты су электр станциясын жобалау (Алматы облысы мысалында)
ректордың «19» 10.2015 №198 бұйрығы бойынша бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: «____»_____20___ж.

Жобаға бастапқы деректер (талап етілетін жоба нәтижелерінің параметрлері және нысанның бастапқы деректері)
Бастапқы энергия ресурсы - су энергиясы. Екі 50 МВт қуатты гидрогенераторлар. Өзіндік мұқтаждық 2%-дан құрайды. Ішкі үзіндіге 25 км. Қысқа тұйықталу 400 МВт.

Диплом жобасындағы әзірленуі тиіс сұрақтар тізімі немесе диплом жобасының қысқаша мазмұны:
Гидрогенераторлардың типтерін таңдау, жүктеме графигін жк қуаттар балансын құру. Екідей кем емес құрылымдық сұлба таңдау және технико-экономикалық салыстыру. Трансформаторлар таңдау.

Сызба материалдарының (міндетті түрде дайындалатын сызуларды көрсету) тізімі

Негізгі ұсынылатын әдебиеттер

Хомин Т.Х. электр станцияларға мен қосалқы станциялар. Оқулық - Алматы: „Білім" ғылыми баспа орталығы 2014 ж, 452-б.

Жоба бойынша бөлімшелерге қатысты белгіленген кеңесшілер

бөлімшелер	кеңесші	мерзімі	қолы
Экономикалық бөлім	Жақупов Ә.А.	02.08-03.06.16	
Өмір тіршілігі қауіпсіздігі	Абдимуратов Ж.С.	30.03.16-30.05.16	
Нормер бақылаушы	Жергеусізова М.А.	04.06.2016	

Диплом жобасын дайындау

КЕСТЕСІ

№ р/с	Тарау аттары, әзірленетін сұрақтардың тізімі	Жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
1	Дипломдық жобаны орындауға керекті материалдар жинау.	19.01.16 - 21.02.16	
2.	Электрлік бөлігі	23.02.16 - 04.04.16	70
3.	Экономикалық бөлімі.	06.04.16 - 11.04.16	5
4.	Өміртіршілік қауіпсіздігі бөлімі	13.04.16 - 18.04.16	5
5.	Сөзу материалдары.	20.04.16 - 02.05.16	15
6	Дипломдық жұмыстың түсіндірме жобасын орындау.	04.05.16 - 16.05.16	5
7	Дипломдық жұмыста ядролала қорғау	18.05.16 - 23.05.16	
8.	Дипломдық жұмыста қорғау.	2016 жылдың маусымы	100%

Тапсырманың берілген уақыты «_____» _____ 20___ж.

Кафедра меңгерушісі _____ т.ғ.к. доцент Умбеткулов Е.К
(қолы) (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Жоба жетекшісі _____ т.ғ.к. профессор Жолшы Ғ.Х.
(қолы) (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Орындалатын тапсырманы қабылдаған студент _____ Собралиев Мағжан
(қолы) (аты -жөні)

Аннотация

В этом дипломном проекте рассмотрена проектирование главной электрической схемы гидро электро станции малой мощности. Расчеты проектирования рассматриивались на гидроэлектростанции мощностью 50 МВт. Также рассматриваются особенности важности и экономические выгоды ГЭС малой мощности; в экономической части рассматривается инвестиционная программа. В части безопасности жизнедеятельности рассматривается влияние ГЭС на окружающую среду ведутся расчеты на естественное освещение диспетчерской комнаты станции а также оценка и расчет уровня шума при проектирований установок станции.

Abstract

This thesis project is considered the main design of small hydroelectric power circuitry. Design calculations discussed at the hydroelectric power station with capacity of 50 MW. Also discusses the features, importance and economic benefits of low power hydroelectric power plants. In the economic part of the investment program is considered. As part of the health and safety rassmatrivetsya impact hydropower plant on the environment, conducted calculations on the natural lighting of the room control station, as well as evaluation and calculation of noise when projections have selected to install the station.

Аңдатпа

Бұл дипломдық жобамда аз қуатты су электр станциясының бас электр сұлбасын жобалао қаралады. Жобалау 50 МВт су электр станциясын мысалға алып есептеулер жүргізілген. Және аз қуатты СЭС-ның ерекшеліктері, маңыздылығы, экономиколық тиімділігі қаралады. Экономикалық бөлімінде инвестициялық программа жобаланды. Өмір тіршілігі қауіпсіздігі бөлімінде СЭС-тің қоршаған ортаға әсері, станцияның диспетчерлік бөлмесіне табиғи жарықтануға және қондырғыларды жобалауда шудың деңгейін бағалау мен есептеу жүргізілді.

Мазмұны

Кіріспе 7

1 Су электростанциялары жайлы жалпы мәлімет 8

2 Шағын су электр станцияісы туралы мәліметтер 9

2.1 Шағын су электростанциясына жалпы сипаттама 9

2.2 Шағын су электростанциясының жіктелуі 10

3 Шағын су электрстанциясіын жобалау 12

3.1 Жалпы ережелер 12

3.2 Шағын су электр станциясы сұлбалары 12

3.3 Шағын су электр станциясының негізгі параметрлерін анықтау 15

3.4 Шағын су электр станциясының энергетикіалық жолының құрылыстары 16

4 Қазақстандағы шағын гидро энергетика жағдайы 22

4.1 Алматы облысіның шағын су электр станциялары 22

4.2 Қазақстандағы басқа су электр станціялары 22

4.3 Болашақта салынатын Алматыдағы шағын су электр станцияларі 23

5 Электрлік бөлігі. 24

5.1 Қуаттар балансын есептеу 24

5.2 1-ші нұсқа үшін трансформаторларды таңдау 21

5.3 2-ші нұсқа үшін трансформаторларды таңдау 32

5.4 Екі нұсқаның трансформаторліарындағы энергияның жылдық шығынын есептеу 33

5.5 1-ші және 2-ші нұсқаларды технико-экономикалық салыстыру 34

6 Қысқа тұйықталу тоқтары есептеу 35

7 Өмір тіршіілігінің қауіпсіздігі бөлігі 42

7.1 Су электр станциясының бас сұлбасы 42

7.2 Су электр станциясіын пайдалануда қоршаған ортаға әсеріне талдау жасау 47

7.3 Станцияның диспетчерлік бөлміесіндегі ауа алмасу және жарықтануға есеп жүргізу 47

8 Экономикалық бөлігі 56

8.1 Шағын ГЭС жоспарлауідағы технико экономикалық талдау жасау. Жұмыстың экономикіалық тиімділігін дәлелдеу 56

8.2 Инвестиіциялық жоспар 57

Қорытынды 62

Әдебиеттер тізімі 63

Кіріспе

Бұл дипломдық жобада аз қуатты су электр станциясының бас электрлік сұлбасын 50 МВт станциясын мысалға ала отырып жобалау қарастырылады.

Қазіргі таңда гидроэнергетика дәстүрлі электр энергетикасының басқа түрлерімен салыстырғанда үнемді әрі экологиялық қауіпсіз түрі болып табылады.

Шағын гидроэнергетика бұл бағытта өте алысқа кетеді.

Соңғы кезде көптеген елдерде шағын СЭС-ті бір ортақ түсінікте айту мүмкін емес сондықтан СЭС-ті сол станцияның ерекшеліктерін әр түрлі параметрлерге байланысты жіктейді: қуаты бойынша судың арыны жұмыс жасау режиміне автоматтандыру деңгейіне су арынын жасау түрлеріне және т.б.

Шағын су электр станциялары тек қана пайдалану кезінде емес сонымен қатар құрылысын салу кезінде де табиғат ландшафтысын қоршаған ортаны сақтауға мүмкіндік береді. Шағын гидроэнергетикасын пайдалану кезінде суға ешқандай теріс әсерін тигізбейді: су өзінің бастапқы табиғи қасиеттерін сақтайды. Өзендерде балықтардың тіршілігіне ешқандай әсерін тигізбейді ал суды халықты қамтамасыз етуге пайдалануға болады.

Осы тақырып барысында жазатын дипломдық жұмысты таңдағандағы мақсатым*:*

а) Шағын гидроэнергетиканың, болашақтағы қолданылуының перспективасын зерттеу;

б) жүктемелердің мәндерін таңдап белгілі бір шағын су электр станциясының бас сұлбасын модельдеу;

с) шағын гидроэнергетика туралы барлық мүмкін ақпараттарды іздестіру;

д) шағын СЭС-лардың жұмыс, істеуін экономика экология және қошаған ортаны қорғау саласы бойынша толық зерттеу есептеулерін жүргізу.

1 Су электр станциялары жайлы жалпы мәлімет

Су электр станциясы - электр генераторын айналдыратын гидравликалық турбинамен су ағынының механикалық энергиясын электр энергиясына түрлендіретін электр станциясы. Қазақстандағы ең алғашқы СЭС 1902 жылы Зырян кенішін энергиямен қамтамасыз ету мақсатында Тұрғысын өзенінде салынды. Оның қуаты 1 мың кВт болды. 1927 жылы Жоғары Хариузовск СЭС-і (қуаты 3,2 мың кВт), 1934 жылы Үлбі СЭС-і (қуаты 27,6 мың кВт) салынды.Үлкен Алматы өзенінде 10 каскадтан тұратын СЭС (жалпы қуаты 47 мың кВт) 1959 жылы салынып бітті. Соңғы жылдары кешенді мақсатта пайдаланылатын бірнеше ірі су-энергетикалық тораптар іске қосылды: Ертіс өзенінде Өскемен СЭС-і (қуаты 331,2 мың кВт) және Бұқтырма СЭС-і (қуаты 675 мың кВт), Іле өзенінде Қапшағай СЭС-і (қуаты 434 мың кВт) және т.б. Елімізде су-энергетика құрылыс объектілерінен басқа 200-ден астам шағын және орташа Су электр станциясы салынған. Қазақстандағы ірі СЭС-тердің барлығы энергия жүйесі құрамындағы жылу станцияларымен үйлестіріле пайдаланылады. Бұл жағдайда олардың жоғары дәрежедегі кешенді үнемділігі, пайдаланудағы сенімділігі артады. Сондықтан СЭС салу өзеннің ағын суын су көлігі, ирригация және сумен қамтамасыз ету және т.б. мақсаттарда кешенді пайдалануға мүмкіндік береді [1].

Су энергетика қорлары — өзендер мен сарқырамалардың құлама суынан алуға болатын энергия қоры. Энергияның бұл көзінің артықшылығы — оның қоры сарқылмайды, үнемі қалпына келіп отырады. Бұл энергияның арзан, әрі гигиеналық түрғыдан таза түрі болып табылады. Су энергиясының қоры жөнінен Қытай, АҚШ, Канада дүние жүзіндегі алғашқы орындарды иеленеді.

Су энергетикасы (Гидроэнергетика; грек, "hydor" — су, ылғал, energia — қызмет, әрекет) — 1) бөгет салу арқылы немесе бөгетсіз ағын судан энергия алу. Дүние жүзіндегі ең үлкен СЭСВенесуэлада (Гури бөгеті, 10 млн кВт) және Бразилияда Парана өзенінде (Итайпу ГЭС-і, 12,6 млн кВт) салынған. Қазақстанда Бұқтырма СЭС-і, Қапшағай СЭС-і, Шардара СЭС-і, т.б. бар. Су энергетикасының энергия көздері сарқылмайтын (трубина арқылы өтетін су ағынының орны өзенге немесе көлге құятын өзен және бұлақ суымен толтырылады) болуы мүмкін. СЭС-тердің экологияға нұқсан келтіретін факторлары да бірталай. Мысалы, жазық жерлерде СЭС салу құнарлы жерлерді пайдалануға жарамсыз етіп қана қоймай, өзеннің экожүйесін толық бұзады. Су қойма түбінде мыңдаған тонна шөгінділер (өнеркәсіп және тұрмыстық ақаба суымен бірге өзенге түсетін улы заттектер) жиналады. Бұл су қойманы жойғанның өзінде аумақты пайдалануға жарамсыз етеді. Таулы жердегі өзендер СЭС-тер салуға қолайлы. Бірақ сейсмикалық қауіпті аудандарда алапат ықтималдығы жоғары болуы мүмкін. Жер сілкіністері орасан зор зиян келтіреді. Мысалы, Италиядағы Вайонда 1993 жылы бөгетті су жарып өткенде 2118 адам, ал Индияда Гуджерат бөгетін су жарып өткенде


16 мың адам қаза болды. Қазіргі уақытта үлкен СЭС-тер салудың келешегі жоқ, оларды бөгет салуды қажет етпейтін ағыны жылдам шағын немесе үлкен өзендерде салу ыңғайлы деп есептеледі. Кіші су энергетикасы дәстүрлі емес энергетикаға жатады; 2) бөгет салу арқылы не салмай, аққан судан энергия алу. Су энергиясының біршама арзандығына қарамастан, ресурстардың шектеулілігіне және энергия қондырғыларының көп аумақты алатынына байланысты болашақта ол дүние жүзіндегі энергетиканың 5%-ынан аспайтын болады [1].

2 Шағын су электр станциясы туралы мәліметтер

2.1 Шағын су электр станциясына жалпы сипаттама

Су энергетикасы (6,7% жуық) серпінді дамуда сонымен қатар қиын кезеңге ұшарауда. Ең үлкен мәселенің бірі СЭС құрылысы кезінде жерді су басуымен байланысты. Су энергетика потенциалының ауқымды бөлігі игерілген дамыған мемлекеттерде (Солтүстік Америкада - 60% аса Европада - 40% аса), СЭС тұрғызуға орын жоқ ал ең ірі бағдарламалар Бразилия мен Қытайда жүзеге асады. Алайда, дамыған мемлекеттерде қалған көптеген су энергетикалық потенциалды қолдану су энергетикасындағы экологиялық мәселелерге және сыртқы қарыздардың өсуіне байланысты инвестициалық капиталдың жетіспеушілігімен шектеледі. Демек болашақта әлемдік энергия теңгерімінде су энергиясының маңызы өседі деп болжау қиын бірақ көптеген мемлекеттер оның ішінде дамушы мемлекеттер үшін су энергетикасы экономикада елеулі серпін әкелуі мүмкін [1].

Су энергиясын өндірудің технологиялық процессі зиянсыз. СЭС жабдықтарының қалыпты жағдайында қоршаған ортаға қауіпті шығарылымдар болмайды. Бірақ жазық өзендерде (осындай өзендерде ірі СЭС жиі тұрғызатын жалғыз мемлекет – Ресей) СЭС ірі су қоймаларын тұрғызу ауа райы шарттарына және халық шаруашылығы аумағына өзгерістер әкеледі [1].



2.1 сурет – шағын СЭС құрылысы

Шағын су электр станциясы (шағын СЭС) – салыстырмалы түрде аз электр энергиясын өндіретін су электр станциясының түрі. (2.1 сурет)

Шағын СЭС-ның дүние жүзінде жинақтық қуаты 73 ГВт-тан асады. Шағын СЭС-ке әлем бойынша инвестициясы 6 млрд. доллардан асты [1].

Қазіргі таңда су электр станциясы басқа дәстүрлі энергия көздерімен істейтін станцияларға қарағанда экологиялық және экономикалық жағынан тиімді. Шағын СЭС бұл бағытта өте жоғары деңгейде.

Шағын СЭС салынған жердің ландшафтісі өзгермейді суға кері әсері жоқ басқа экологиялық таза жаңартылған энергия көздерінен айырмашылығы – шағын гидроэнергетика шартты түрде ауа райына тәуелді емес және арзан электр энергиясын тұтынушыға береді.

Төменгі кестеде бүкіл энергия көздеріне берілген өзіндік құнының салыстырмалы көрсеткіштері көрсетілген.

2.1 кесте – Энергия көздеріне байланысты өзіндік құнының салыстырмалы көрсеткіштері (2011-2013 жыл, долл./кВт·сағ)

Электр энергия көзі	Минимум	Орташа	Максимум
Күн электр станциясі	0,17	0,19	0,20
Жел энергиясы (теңыз)	0,09	0,12	0,17
Геотермалды энергия көзі	0,04	0,06	0,12
Су электр станциясы	0,03	0,06	0,11
Табиғи газ	0,02	0,05	0,07
АЭС	0,01	0,06	0,11
Көмір	0,04	0,05	0,11

2.2 Шағын су электр станциясының жіктелуі

Соңғы кезде көптеген елдерде шағын СЭС-ті бір ортақ түсінікте айту мүмкін емес. Сондықтан СЭС-ті сол станцияның ерекшеліктерін әр түрлі параметрлерге байланысты жіктейді: қуаты бойынша судың арыны жұмыс

жасау режиміне автоматтандыру деңгейіне су арынын жасау түрлеріне және т.б.

Көптеген елдерде шағын СЭС-тің басты сипаттамасы ретінде оның қондырылған қуатын таңдайды. Шағын СЭС-тің жіктелуінің көптүрлілігі келесі факторлармен анықталды: табиғат шарттарының әртүрлілігі елдің энергетикалық шаруашылығының даму деңгейі шағын СЭС-тердің жобаларын қабылдау және т.с.с.

Кейде қабылданған жіктеуге өзгертулер енгізіледі. Мысалы АҚШ-та шағын гидроэнергетиканы дамуына үлес қосу үшін 2 рет қуаттар шегін өзгертті: бірінші кездерде шағын СЭС-ке 5 МВт-ке дейінгі станциялар жатсаонда 1980 жылдары бұл сан 30 МВт-қа дейін көтерілді. Соған байланысты 30 МВт-қа дейінгі СЭС-тер шағын деп аталады ал 1МВт-қа дейінгі микроСЭС деп аталады [1].

Кейбір елдерде мысалы Австрия Польша, Германия Испанияда шағын СЭС-ке қондырылған қуаты 5 МВт-тан аспайтын СЭС-терді айтады. Латвия және Швецияда 2 МВт-қа дейінгі СЭС-тер ал Греция Португалия және Ирландияда 10 МВт-қа дейінгі СЭС-тершағын деп аталады. Жалпы Еуропалық шағын гидроэнергетика ассоциациясының анықтамалығымен шағын СЭС деп 10 МВт - қа дейінгі станцияларды санайды [1].

Қазақстан Республикасындақондырылған қуаты 1-ден 50 МВт-қа дейінгі СЭС-лары шағын деп аталады [2].

Шағын СЭС-тердің жіктелуі төмендегідей:

а) шағын СЭС – қуаты 1-дан 50 МВт-ке дейін;

ә) мини-СЭС – қуаты 0,1-дан 1 МВт-ке дейін;

б) микро-СЭС – қуаты 0,1 МВТ-ке дейін.

Су арыны бойынша СЭС-терді жіктеу келесідей болады:

– Төменгі арынды Н<20 м;

– Орта арынды Н=20+75 м;

– Жоғары арынды Н>75 м.

Шағын СЭС-терді жұмыс режимі бойынша жіктеу келесідей: энергожүйемен қатар жұмыс жасайтын, жеке тұтынушымен жұмыс жасайтын, басқа энергия көзімен бірге жеке тұтынушымен жұмыс жасайтын (мысалы дизельді немес жел электр станциялары).

Автоматтандыру деңгейі бойынша: жартылай автоматтандырылған (кезекші персоналмен бірге істейтін) автоматтандырылған (кезекші персоналсыз жұмыс істейтін).

Құрастыру шарттары бойынша: тұрақты оңтайлы (микроСЭС).

Шағын СЭС-ті қолдану аясын көрсету үшін төмендегі кесте шағын СЭС-тердің қуаттарыменшамалас электр энергиясының тұтынушылары келтірілген.

2.2 кесте - Шағын СЭС қуатымен шамалас тұтынушылар

200 адам барлді мекен	100 кВт
Жылына 25мың т. нанжасайтын наубайханалар	250 кВт

өнімділігі 100 мың $м^3$ ағаш тілетін зауыт	500 кВт
Жылына 100мың темірбетонөнімдерін шығаратын зауыт	1000 кВт
4 мың га жерді суармалау	10000 кВт

3 Шағын су электр станциясын жобалау

3.1 Жалпы ережелер

Шағын СЭС-ті жобалауда кейбір ерекшеліктері бар шағын СЭС-ті жобалаудағы негізгі ережелері:

– Шағын СЭС толығымен автоматтандырылған болу керек және тұрақты персоналсыз жұмыс істеу керек Бұл эксплуатациялық шығындарды азаюы және қызмет бөлмелерінен бастарту арқылы қаржы жұмсалымының төмендеуіэкономикалық тиімділігін арттырады;

– Жобалау жүйеленген жобалық шешімдермен жүруі тиіс,

– Жобалау жүйеленуді пайдалану арқылыбір сатыда жүру тиіс.

– Шағын СЭС-тіңсалынуын техникалық-экономикалық есептеулер арқылы дәлелденген кейін жұмыс жобасы орындалады.

3.2 Шағын су электр станциясы сұлбалары

Су арынын жасауына байланысты шағын СЭС-терді бөгеттік деривациялық аралас (бөгеттік-деривациялық) және дайын арын жасау көзі бар (каналдар сарқырамасы, сумен жабдықтау жүйесінде және т.б.) деп бөледі.

Бөгеттік сұлбалар.


Бөгеттік сұлбалар шағын өзендерді энергетикалық пайдалануда жиі таралған сұлбалардың бірі болып табылады.

Бөгеттік сұлба өзеннің аңғарларының түріне жәнесу арынына байланысты 2 нұсқада пайдаланылады:тірек деңгейінің өзен аңғарына шығатын жолынсыз және шығатын жолымен.

Кең өзен алқабымен ағатын және терең ойылған арналармен ағатын өзендерге тірек деңгейін қалыпты өзеннің тірегісалған кезде ағып өтетін басты арнасынан шығып кетпеу үшін таңдау керек (3.1 сурет, а). Мұндай сұлбаларға су арыны аз (1,5 – 4,5 м кейде 6-10 м) және аз қуатты станция (бірнеше жүз кВт-тан 1-2 мың кВт-қа дейін) тиесілі.

Бөлек орналасқан СЭС-тердің су арынының аздығына байланысты шағын өзендерді пайдалануда көп сатылы каскадтар 3-6 және одан да көп каскадтағы СЭС-тер тиімді болып табылады. Каскадтардың арқасында су арындарының қосындысы 20-50 м етіп қолдануға болады.

Салыстырмалы түрде кең емес терең ойылған арнасы және нашар жетілген арнасы бар жазықтағы өзендерде апталық немесе маусымдық реттелуі болатын су қоймасы алқабқа шығысы бар (су басу) СЭС салу тиімді (3.1 сурет, б).



а – тірек деңгейініңарнаға шығатын жолынсыз; б – арнаға шығатын жолымен; 1 – СЭС ғимараты; 2 – суағызғыш бөгет; 3 – қалың бөгет

3.1 сурет - Шағын СЭС-тің бөгеттік сұлбалары

Мұндай сұлбалар өзендердің толық өзіндік табиғи ағынын жыл ішінде айтарлықтай ауытқитын шығындары болса да пайдалануға жол береді Бұл сұлбаның кемшілігі шаруашылық бағалы жерлерді су басу және бөгет биіктігі мен ұзындығы өсуінен құрылыс жұмыстары көлемі мен бағаларының артуы болып табылады [2].

Шағын СЭС каскадының реттелетін сыйымдылығын өзеннің жоғарғы ағысында орналастырған дұрыс себебі су басы зардабы бұл жерлерде аз Ал қалған каскад сатылары 3.1 сурет а сұлбасындай орналастырылады.

Деривациялық және аралас бөгетті-деривациялық сұлбалар


Деривациялық және аралас сұлбалар таулы аймақтарда және тау етектерінде шағын СЭС-ларын салу кезінде кең қолданылады.

Деривациялық станциялар келесідей болуы мүмкін:

а) Өзен бойындағы деривация – мұндай сұлбалар ағын жылдамдығы және еңісі тым жоғары болған кезде қолданылады (3.5 сурет, а). Мұндай сұлбамен тек қана станциялар емес сонымен қатар СЭС каскадтары салынды Мысал ретінде Үлкен Алматы өзенінің бойында орналасқан Алматы СЭС каскадтары.

б) Өзен арнасының түзетілуіндегі деривация (3.5 сурет, б) . Бөлек орналасқан өзен айналмаларын түзеткен кезде біршама үлкен СЭС арынын тіпті аздап еңісі бар өзенде алуға жол береді.

в) Суды бір өзеннен екінші өзенге өткізу 3.5 –сурет, в. Бұл сұлбаларды көрші орналасқан өзендерді биік емес қысқа суайырық бөліп жатқанда және биіктік бойынша деңгейлері әр түрлі болғанда қолданады. Бұл жағдайда екі өзенді байланыстырып тұрған қысқа деривацияда біршама арын алуға болады.



а – өзен бойындағы деривация; б – өзен түзетілуіндегі деривация; в – суды бір өзеннен екінші өзенгеөткізу; 1 – басты түйін; 2 – деривация; 3 – арын бассейні; 4 – арын құбырлары; 5 – СЭСғимараты; 6 – бос жүріс түсіруі

3.2 сурет - Деривациялық шағынСЭС-тердің сұлбалары

Мысал ретінде Ресейде Ставрополь өлкесінде орналасқан Сторожев СЭС (қуаты 0,88 МВт) айтуға болады. Бұл станцияда ұзындығы шамамен 3 км деривацияда 31 м арын алынған.

Аралас (бөгетті-деривациялық) сұлбаларда басқарылатын су қоймаларын жасауға болады. Өзен бастарында және салаларында су қоймалар салу арқылы судың ағынын басқаруға болады Ал өзеннің төменгі жақтарында деривациялық СЭС каскадын салады.

Бірақ, су қоймаларында лайлануға қарсы шаралар жасалу керек.

Дайын арын жасау көзі бар шағын СЭС сұлбасы

Дайын арын жасау көзі бар шағын СЭС-тің жармасы ретінде энергетикалық емес мақсатта қолданылатын су қоймаларын әр түрлі мақсатта қолданылатын канал сарқырамаларын сумен жабдықтау жүйелерінің құбырларын пайдалануға болады. Бұл жарналардың гидроэнергетикалық мүмкіндігі шағын СЭС қолданатын жалпы мүмкіндіктің маңызды бөлігін алады. Арынды жасау әдістеріне байланысты мұндай шағын СЭС-ларын не

бөгеттік не деривациялық түріне жатқызуға болады Бірақ бұлардың энергетикалық емес гидротүйіндерінің орналасуы өзіндік ерекшеліктері бар.


Жарналардың көптүрлілігін ескере отырып жеке мысалдарда қолданудағы көрсетумен шектелеміз.

3.3 суретте шағын СЭС-тің суармалы каналда орналасу сұлбасы көрсетілген.

Шағын СЭС-тің бас торапта және магистральді каналдың бас бөлігінде орналастыру дұрыстау болады (3.3 суре а). Мұндай СЭС-тер жыл бойы суармалы жүйені қолданылуына ешқандай әсерін тигізбей жұмыс жасай алады.

Шағын СЭС-терді тарату каналдарының сарқырамаларында салуға болады (3.3 сурет б).

Жоғарыдағы айтылған сөздерге қарай отырып, шағын СЭС-тердің салу сұлбалары өте көп тиімді сұлбасын тандау тиісті техникалық пен экономикалық дәлелдемелер керек.



а - бас торапта және магистральді каналдың бас бөлігінде; б - тарату каналдарының сарқырамаларында; 1 – шағын СЭС; 2 – магистральді канал; 3 – бос жүріс түсіруі; 4 – тарату каналы

3.3 сурет - Суармалы каналдарда шағын СЭС-тің орналасу сұлбасы

3.3 Шағын СЭС-тің негізгі параметрлерін анықтау

Шағын СЭС-тің негізгі энергетикалық параметрлері орнатылған қуат және гидроагрегат саны электр энергиясының жылдық өндірімі есептік арын есептік шығын болып табылады.

Жалпы шағын СЭС-те қондырылған қуатты энергоэкономикалық есептеулер негізінде анықтайды.

СЭС-тің қондырылған қуатын кепіл (қамтамасыз етілген) қуатын $N_{кеп}$ резервтік қуатын $N_{рез}$ және маусымдық қуатын $N_{сез}$ есепке ала отыра анықтайды.

Негізгі шағын СЭС параметрі - станция арыны $H_{СЭС}$ м жоғары бьеф деңгейінен (ЖБД) төменгі бьеф деңгейін (ТБД) одан тармақ жолының арын шығынын Δh алу арқылы анықталады:

$$H_{СЭС}=ЖДБ – ТДБ – Δh. \quad (3.1)$$

Жоғары бьефтегі су деңгейі су қоймадағы деңгейдің өзгеру графигі бойынша ал төменгі бьефі – төменгі бьефке түсетін су шығынымен Q=f(z) қисығымен анықталады.

СЭС-тің есептік арыны $H_р$ м ретінде орташа мәнімен өлшенген арынның таза салмағы алынады:

$$H_{орт.өлш} = \frac{\sum H_i N_i t_i}{\sum N_i t_i}. \quad (3.2)$$

$H_р$ мәні гидротурбина таңдаған кезде айқындалады.

СЭС қуаты кВтәрбір t_i уақыт моментінде төмендегі формуламен анықталады:

$$N_i=9,81\ Q_i H_i \eta_a . \quad (3.3)$$

мұндағы H_i - уақыт моментіндегі арын м; Q_i – СЭС шығыны, $м^3/с$; η_a - гидроагрегаттың орташа пайдалану ПӘКі шағын СЭС үшін ол 8-ге тең.

Ары қарай электр энергиясының жылдық өндірімін санап алыпжобаланып жатқан шағын СЭС қаржы салымдарын және ұсталымдарын ауыстырылып жатқан электр станциясының қаржы салымдары мен ұсталымдарымен салыстырып қарайды. Маусымдық қуаттың таңдау үшін жүргізілетін экономикалық есептеу шағын СЭС-тің есептік шығыны мен ауыстырылып жатқан станцияның кез келген интервалындағы $ΔN_{маус}$ мәндерін салыстырудан тұрады.

Шығынның жыл сайынғы үстелуі :

$$ΔЗ_{СЭС}=E_н ΔК_{СЭС}+ΔИ_{СЭС}=(E_Н + р)ΔК_{СЭС} . \quad (3.4)$$

мұндағы $E_Н$ – салыстырмалы эффективтіліктің нормативті коэффициенті;

р – қаржы салымдарының жылдық ұсталымы.

3.4 Шағын су электр станциясының энергетикалық жолының құрылыстары

Гидроагрегаттардың бірлік қуатының кең диапазоны (100 кВт – 30 МВт) бір типті турбиналарға әр түрлі шешім береді. Мысалы қуаты 100-300 кВт СЭС гидроагрегаты құбыр үстіндегі моноблоктар ретінде жасауға болады. Сол сияқты 5-10 қуаты МВт шағын СЭС үлкен СЭС-терден ешқандай айырмашылық жасамайды және мұнда да дәл сондай конструкциялық шешімдер қабылданады.

Төменгі арынды (Н≤10 м) және аз шығынды (5-20м^3/с) шағын СЭС үшін тібұрышты камерадағы қалақайлы гидротурбина жарайды.


Арыны 10-20 м аралығындағы өте экономикалық болу үшін горизонталды біліктік гидротурбинамен машина залына вертикалды генераторы бар шағынСЭС жасаған дұрыс.

Төменгі арынды гидроагрегат шығыны 20-40 м^3/с шағын СЭС-тер үшін горизонталды «құбырлы» гидротурбина жасағандұрыс. 20 м және одан да жоғары арындарүшін радиалды-біліктік гидротурбина орнатылады.

Турбина – суағынының кинетикалық энергиясын механикалық энергияға айналдыратын механикалық құрылғы. Турбина генераторды айналдырады. шағын СЭС турбиналарының сан алуан түрлері бар.

Шағын СЭС үшін келесі типті турбиналар жасалады: тік біліктік көлденең S тәрізді біліктік тік радиалды-біліктік көлденең радиалды-біліктік көлденең шөміштік.

Каплан турбинасы қалақтарының көлбеулік бұрышын өзгерте алады (3.7 сурет). Бұл турбинаның өткізу қабілетін жоғарылатады турбина арыны 1,5-80 м үшін қолданылады. Генератор турбинаға тікелей редуктор арқылы қосылады. Басқа турбиналармен салыстырғанда Каплан турбинасының жүйріктігі жоғары болып табылады. Каплан турбиналарын сорғыш құбырлармен қамтамасыз етеды.




3.4 сурет - Каплан турбинасы

Френсис турбинасы немесе радиалды-біліктік турбина арыны 10м-ден жоғары болғанда қолданылады. Генератор турбинаға тікелей редуктор арқылы

қосылады. Френсис турбинасына су дөңгелектің сыртқы жағынан арқылы кіреді және қозғалыс радиус бойымен центрге қарай жүреді 3.7 сурет. Қалақтары арасынан өткеннен кейін су роторды айналдыру арқылы оған энергия береді. Дұрыс әрі бірқалыпты сужіберу үшін жұмыс істейтін дөңгелекті спираль камераға енгізеді(3.6 сурет)



3.5 сурет - Радиалды-біліктіктурбина Френсис турбинасы




3.6 сурет - Радиалды-біліктік турбинаның спиральді камерасы мен бағыттаушы аппарат

Пельтон турбинасы немесе көлденең шөміштік қалған турбиналарға қарағанда сирек кездеседі (3.7 сурет).



3.7 сурет - Көлденең шөміштік турбинасы (Пельтон турбинасы)

Бұл турбиналарда профильді қалақшалар қолданылады яғни судың ағынына байланысты қозғалыс бағытын жай өзгертеді арыны 50 м-ден жоғары кезде қолданылады. Су ағыны құбыр арқылы турбинаның ойыс шөміш бетімен өтеді де өз бағытын кере бағытқа өзгертеді (3.8 сурет) турбинаның шөміштерін қосарланған түрде істейді.



3.8 сурет - Шөміш сұлбасы

Гидрогенератор гидроагрегаттың айналу білігінің механикалық энергиясын электр энергиясына айналдыратын электр қондырғысы. Әдетте шағын су электр станцияларында тік, көлденең және біліктің қиғаш орналасқан синхронды генераторлар орналасады.



3.9 сурет - Гидрогенераторлар

Шағын су электр станцияларында 2 түрлі генератор жұмыс істейді. Олар:

- асинхронды үшфазалы айнымалы ток генераторы;
- синхронды үшфазалы айнымалы ток генераторы.

Гидрогенераторлар көлденең тік және қиғаш болып орналасады.

Гидрогенератордың басты параметрлері болып электр қуаты айналу жилігі және шығысындағы кернеу болып табылады. Гидрогенератордың толық қуаты, кВА

$$S = 1{,}73UI\,, \qquad (3.5)$$

мұндағы U – шығысындағы сызықтық кернеуі; I – статордың фазалық тогы А.

Гидрогенератордың активті қуаты кВт

$$P_г = Scos\varphi\,, \qquad (3.6)$$

мұндағы $cos\varphi$ – гидрогенератордың қуат коэффициенті.

Гидрогенератордың айналу жиілігін синхронды айналу жиілігінің санынан таңдайды:

$$n_c = \frac{3000}{2p}, \quad (3.7)$$

мұндағы p – гидрогенератордың полюстарының жұп саны.

Бұл айналу жиілігі гидроагрегат сенімді және үнемді жасау үшін гидротурбинаның оңтайлы жиілігіне жақын жақын.

Шағын СЭС жұмыс істеу үшін гидрогенератор кернеуі 10,5 немесе 6,3 кВ-қа тең деп алу керек ал өте кіші гидрогенераторларға 0,4 кВ алу керек (3.9-сурет).

Гидрогенератордың мөлшерін білу үшін дизельді электр станцияларының сериялық генераторларының қолдануына назара аудару керек мұндай кезде бұл біріншіден генератор аламыз, екіншіден сериялық болған үшін оның құнын азайтамыз.

Көлденең сериялы гидрогенераторлар жилігі етіп 250, 500, 750, 1000 және 1500 айн/мин алады бұл үлкен айналу жиіліктері шағын қуат пен үлкен арындарға байланысты. Аз арынды гидрогенераторлардың айналу жиілігі 125-300 айн/мин тең.

Тік орналасқан аз арынды гидротурбиналар үшін шағын сериялы жасалған гидрогенераторлар қолданылады бұл гидрогенераторлардың әдетте үлкен СЭС-тің генераторларынан айырмашылығы вентиляция жүйесі болып табылады.

Энергожүйеде жұмыс жасайтын шағын СЭС-тер үшін электр қондырғыларының бағасын азайту мақсатында асинхронды генераторлар қолданылады Олар жасалау және қолдану кезінде өте қарапайым болып келеді.

Гидрологиялық режімнің өзгеруі және аумақты су басуы су көлемінің гидрохимиялық режімінің өзгеруіне әкеледі. Су көлемінің жоғарғы салалары өзен ағындарынан түсетін табиғи заттармен қанығады ал төменде – ағыс жылдамдығы төмен болғандықтан минералды заттар түбінде қалып нашарлайды Сонымен Волга ағындарын реттеу нәтижесінде Каспий теңізіне минералды заттардың түсуі үш есе азаяды Дона және Азов теңіздерінің ағын шарттары өзгереді, бұл Азов және Қара теңіздерінің су алмасуының өзгеруіне және Азов теңізінің тұз құрамының өзгеруіне әкеледі. Жоғарғы және төменгі салаларда судың газ алмасуы және газ құрамы өзгереді Арналы режімдердің өзгеруі нәтижесінде су қоймаларында қоқыстар пайда болады.

4 Қазақстандағы шағын гидроэнергетика жағдайы

Қазақстанның оңтүстік және шығыс бөліктеріндегі тау рельефтерінің болуына байланысты гидроэнергетикалық потенциалы өтежоғары. Шығыс және солтүстік аймақтағы Ертіс өзені батыстағы Жайық өзені, оңтүстіктегі Сырдария өзені мен Балқашкөлі СЭС салуға өте қолайлы жерлер болып табылады.

Қазақстанда шағын СЭС өте қарқынды дамып жатыр Қазақстандағы шағын СЭС-терге жеке тоқталып кетейік.

4.1 Алматы облысының шағын су электр станциялары

Алматы облысында төмендегідей шағын СЭС-тері орналасқан:

1) Алматы СЭС каскады. Алматы каскады Үлкен және Кіші Алматинка өзендерінің бойында орналасқан 11 кіші СЭС-тердің жиынтығы. Жалпы қуаты – 49,15 МВт.;

2) Қаратал СЭС каскады. Алматы облысы Қаратал өзенінің бойында орналасқан Қазіргі таңда 4 жасап және бірнеше жобаланып жатқан шағын СЭС-терден тұрады:

- СЭС-1 Қуаты – 10,08 МВт орташа жылдық өндірімі 50 млн.кВт.сағ. Есептік арыны 46,2 м.
- СЭС-2 Қуаты– 4 МВт, орташа жылдық өндірімі 19,5 млн.кВт.сағ.
- СЭС-3 Қуаты– 4,4 МВт.
- ГЭС-4 Қуаты- 3,5 МВт.

3) Есік каскады. Еңбекшіқазақ ауданы Есік өзенінің бойында орналасқан. 3 СЭС-тен тұрады(көрінісі 4.1 суретте көрсетілген):

- СЭС-1 Қуаты – 4 МВт Салынып жатыр;
- СЭС-2 Қуаты – 5,1 МВт орташа жылдық өндірімі 25 млн.кВт.сағ.;
- СЭС-3 Қуаты -1 МВт орташа жылдық өндірімі 7 млн.кВт.сағ.;

4) Талғар СЭС-і Талғар өзенінің бойында орналасқан Қуаты – 3,2 МВт.;

5) Ақсу СЭС-і Ақсу өзенінің бойында орналасқан Қуаты – 2 МВт.;

6) Антонов СЭС-і Лепсі өзенінің бойында орналасқан Қуаты – 1,6 МВт. Орташа жылдық өндірімі – 11 млн кВт. сағ;

7) Мелис Рысбеков атындағы Сарканд СЭС-і Сарканд өзенінің бойында орналасқан Қуаты – 0,5 МВт. орташа жылдық өндірімі 2,58 млн. кВт.сағ.

4.2 Қазақстандағы басқа су электр станциялары

Қазақстанда орналасқан су электр станциялары төмендегідей:

1) Ленингор каскады. Шығыс Қазақстан облысында Громотуха және Тихая өзендерінің бойында орналасқан. Қуаты 11,78 МВт екі жұмыс жасап тұрған СЭС-тен тұрады.

2) Мерке каскады. Жамбыл облысы Мерке ауданы Мерке өзенінің бойында орналасқан 3СЭС-тен тұрады:

- СЭС-1 Қуаты – 0,62 МВт орташа жылдық өндірімі 3,2 млн.кВт.сағ;
- СЭС-2 Қуаты – 1,5 МВт орташа жылдық өндірімі 7,45 млн.кВт.сағ;
- СЭС-3 Қуаты -1,5 МВт орташа жылдық өндірімі 6,5 млн.кВт.сағ.

3) Сергеев СЭС-і Ишим өзенінің бойында орналасқан. Қуаты – 2 МВт;

4) Тас-Өткел СЭС-і Жамбыл облысы Шу ауданы Шу өзенінің бойында орналасқан. Қуаты – 9,2 МВт. Орташа жылдық өндірімі – 45,6 млн. кВт. сағ;

5) Зайсан СЭС-і Қуаты – 2 МВт;

6) Успен СЭС-і Қуаты – 2,5 МВт. Орташа жылдық өндірімі – 4,55 млн кВт. сағ;

7) Георгиев СЭС-і Қуаты – 1,7 МВт;

8) Үржар СЭС-і Қуаты – 0,175 МВт;

9) Қошқар-Ата СЭС-і Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы Келес өзенінің бойында орналасқан. Қуаты – 1,3 МВт орташа жылдық өндірімі – 6 млн. кВт. сағ;

10) Қарақыстақ СЭС-і Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов ауданы Қарақыстақ өзенінің бойында орналасқан. Қуаты – 2,3 МВт Орташа жылдық өндірімі – 9,78 млн. кВт.сағ;

11) Нұра СЭС-і Қарағанды облысы Бұхаржырау ауданы Нұра өзенінің бойында орналасқан Қуаты – 0,7 МВт.

4.3 Болашақта салынатын Алматыдағы шағын су электр станциялары

Алматы облысында 2015 жылға дейін 2 шағын су электр станциясы салынайын деп жатыр. Олар мыналар:

1) Чиже СЭС каскады Қуаты – 49,6 МВт Орналасатын жері Алматы облысы Ескелді ауданы Чиже өзені;

2) Борохудзир СЭС каскады Жалпы қуаты -10 МВт. Алматы облысы Панфилов ауданы Борохудзир өзенінің бойында орналасқан. 3 деривациялық СЭС-тен тұрады:

- СЭС-1. Қуаты – 6,1 МВт. Орташа жылдық өндірімі - 42,67 млн. кВт.сағ.
- СЭС-2. Қуаты – 1,8 МВт. Орташа жылдық өндірімі – 12,45 млн. кВт.сағ.
- СЭС-3 Қуаты – 2,1 МВт. Орташа жылдық өндірімі – 14,73 млн. кВт.сағ.

Алдағы уақытта Қазақстанда көптеген шағын СЭС салыну жобалануда.

5 Электрлік бөлігі

5.1 Қуаттар балансын есептеу

Бастапқы мәліметтер

1) Генераторлардың саны және қуаты МВт –2х25.
2) Ө.М. шығыны % – 2.
3) ТКТҚ номиналды кернеуі кВ – 10,5.
4) ЖКТҚ номиналды кернеуі кВ – 220.
5) Қ.Т. қуаты МВТ – 400.
6) Желілер саны және ұзындығы nх1 км – 2х25.


5.1 кесте - Аз қуатты СЭС-тің жұмыс істеу уақыты

Уақыт	0-11	11-19	19-24
Қыс	90%	100%	90%
Жаз	70%	80%	70%

5.2 кесте - Есептеу графикалық жұмыстың берілгені бойынша генератордың түрінжәне қоздыру жүйесін таңдау

Гидрогене-ратордың түрі	Номиналды қуаты		Cos Ψ	Асқын өтпелі индуктивті кедергі X”d	Қоздырғыш	Салқындату		Бағасы, мың
	Толық МВА	Активті МВт				Статордың орамы	Ротордың орамы	
ВГС 525/110-24	29,4	25	0,85	0,18	М	В3	В3	

ВГС - синхронный вертикальный гидрогенератор



5.1 сурет - Станцияның құрылымдық сұлбасы

Қалыпты режимде 1-ші нұсқаушін жүктемелердің қуаттар балансын құрастыру

1) G1, G2 генераторының әрбірінің режимдері, МВт.

Қыс

$$P_{G1}^{0-11} = \frac{50 \cdot 90\%}{100\%} = 45 MBm;$$

$$P_{G1}^{11-19} = \frac{50 \cdot 100\%}{100\%} = 50 MBm;$$

$$P_{G1}^{19-24} = \frac{50 \cdot 90\%}{100\%} = 45 MBm.$$

Жаз

$$P_{G1}^{0-11} = \frac{50 \cdot 70\%}{100\%} = 35 MBm;$$

$$P_{G1}^{11-19} = \frac{50 \cdot 80\%}{100\%} = 40 MBm;$$

$$P_{G1}^{19-24} = \frac{50 \cdot 70\%}{100\%} = 35 MBm.$$

Электр станцияларындағы электр энергияны өндірудің айнымалы графигі кезінде өзіндік мұқтаждықтың қуат шығынын анықтауға болады.

$$P_{O.M} = (0{,}4 + 0{,}6 \cdot \frac{P_i(t)}{P_{белг}}) \cdot P_{о.м.\max}; \qquad (6.2)$$

мұндағы $P_i(t)$ - t уақытта станцияның шинаға беретін қуаты, МВт;

$P_{белг}$ - станцияның белгіленгенқуаты , МВт;

$P_{о.м.\max}$ - өзіндік мұқтаждардыңмаксималды қуаты,

2) G1,G2 генераторларының әрбірінің ө.м. жүктемесі, МВт.

Қыс

$$P_{G1,G2}^{0-11} = (0.4 + 0.6 \cdot \frac{45}{50}) \cdot \frac{2\%}{100\%} \cdot 50 = 0{,}94 МВт;$$

$$P_{G1,G2}^{11-19} = (0.4 + 0.6 \cdot \frac{50}{50}) \cdot \frac{2\%}{100\%} \cdot 50 = 1 МВт;$$

$$P_{G1,G2}^{19-24} = (0.4 + 0.6 \cdot \frac{45}{50}) \cdot \frac{2\%}{100\%} \cdot 50 = 0{,}94 МВт.$$

Жаз

$$P_{G1,G2}^{0-11} = (0.4 + 0.6 \cdot \frac{35}{50}) \cdot \frac{2\%}{100\%} \cdot 50 = 0{,}82 МВт;$$

$$P_{G1,G2}^{11-19} = (0.4 + 0.6 \cdot \frac{40}{50}) \cdot \frac{2\%}{100\%} \cdot 50 = 0{,}88 МВт;$$

$$P_{G1,G2}^{19-24} = (0.4 + 0.6 \cdot \frac{35}{50}) \cdot \frac{2\%}{100\%} \cdot 50 = 0{,}82 МВт.$$

3) Т1,Т2 трансформаторларының әрбірінен өтетін қуаты, МВт.

Қыс

$$P_{T1}^{0-11} = 45 - 0{,}94 = 44{,}06 МВт;$$

$$P_{T1}^{11-19} = 50 - 1 = 49 МВт;$$

$$P_{T1}^{19-24} = 45 - 0{,}94 = 44{,}06 МВт.$$

Жаз

$$P_{T1}^{0-11} = 35 - 0{,}82 = 34{,}18 MBm;$$


$$P_{T1}^{11-19} = 40 - 0{,}88 = 39{,}12 MBm;$$

$$P_{T1:}^{19-24} = 35 - 0{,}82 = 34{,}18 MBm.$$


5.3 кесте - 1-ші нұсқа үшін қалыпты режимдегі қуат балансы кестесі

Анықталатын параметр	Жылдың кезеңі	Уақыты, сағ		
		0-11	11-19	19-24
1. G1, G2генераторының режимдері, МВт.	Қыс Жаз	45 35	50 40	45 35
2. G1, G2генераторларының ө.м. жүктемесі, МВт.	Қыс Жаз	0,94 0,82	1 0,88	0,94 0,82
3. Т1, Т2трансформаторынан өтетін қуат, МВт.	Қыс Жаз	44,06 34,18	49 39,12	44,06 34,18


Генератордың қуаты мен кернеуіне график тұрғызамыз:



5.2 сурет – Генератордың режимдерінің графигі



5.3 сурет – Генератордың өзіндік мұқтаждар графигі



5.4 сурет - Станцияның құрылымдық сұлбасы (2-ші нұсқа)

Қалыпты режимде 2-ші нұсқаүшін жүктемелердің балансын құрастыру.

1) G1, G2 генераторының әрбірінің қуаттарын өндіру, МВт.

Қыс

$$P_{G1}^{0-11} = \frac{50 \cdot 90\%}{100\%} = 45MBm;$$

$$P_{G1}^{11-19} = \frac{50 \cdot 100\%}{100\%} = 50MBm;$$

$$P_{G1}^{19-24} = \frac{50 \cdot 90\%}{100\%} = 45MBm.$$

Жаз

$$P_{G1}^{0-11} = \frac{50 \cdot 70\%}{100\%} = 35MBm;$$

$$P_{G1}^{11-19} = \frac{50 \cdot 80\%}{100\%} = 40MBm;$$

$$P_{G1}^{19-24} = \frac{50 \cdot 70\%}{100\%} = 35MBm.$$

2) G1,G2 генераторларының әрбірінің ө.м. жүктемесі, МВт.

Қыс

$$P_{G1,G2}^{0-11} = (0.4 + 0.6 \cdot \frac{45}{50}) \cdot \frac{2\%}{100\%} \cdot 50 = 0{,}94MBm;$$

$$P_{G1,G2}^{11-19} = (0.4 + 0.6 \cdot \frac{50}{50}) \cdot \frac{2\%}{100\%} \cdot 50 = 1MBm;$$

$$P_{G1,G2}^{19-24} = (0.4 + 0.6 \cdot \frac{45}{50}) \cdot \frac{2\%}{100\%} \cdot 50 = 0{,}94MBm.$$

Жаз

$$P_{G1,G2}^{0-11} = (0.4 + 0.6 \cdot \frac{35}{50}) \cdot \frac{2\%}{100\%} \cdot 50 = 0{,}82MBm;$$

$$P_{G1,G2}^{11-19} = (0.4 + 0.6 \cdot \frac{40}{50}) \cdot \frac{2\%}{100\%} \cdot 50 = 0{,}88MBm;$$

$$P_{G1,G2}^{19-24} = (0.4 + 0.6 \cdot \frac{35}{50}) \cdot \frac{2\%}{100\%} \cdot 50 = 0{,}82 MBm .$$

3) Т1,Т2 трансформаторларынан өтетін қуат, МВт

Қыс

$$P_{T1}^{0-11} = 45 - 0{,}94 = 44{,}06 MBm ;$$

$$P_{T1}^{11-19} = 50 - 1 = 49 MBm ;$$

$$P_{T1}^{19-24} = 45 - 0{,}94 = 44{,}06 MBm .$$

Жаз

$$P_{T1}^{0-11} = 35 - 0{,}82 = 34{,}18 MBm ;$$

$$P_{T1}^{11-19} = 40 - 0{,}88 = 39{,}12 MBm ;$$

$$P_{T1:}^{19-24} = 35 - 0{,}82 = 34{,}18 MBm .$$

4) Т1,Т2трансформаторларының әрбірінен өтетін қуат, МВт.

Қыс

$$P_{T1:T2}^{0-11} = \frac{44{,}06}{2} = 22{,}03 MBm ;$$

$$P_{T1:T2}^{11-19} = \frac{49}{2} = 24{,}5 MBm ;$$

$$P_{T1:T2}^{19-24} = \frac{44{,}06}{2} = 22{,}03 MBm .$$

Жаз

$$P_{T1:T2}^{0-11} = \frac{34{,}18}{2} = 17{,}09 MBm ;$$

$$P_{T1:T2}^{11-19} = \frac{39{,}12}{2} = 19{,}56 MBm ;$$

$$P_{T1:T2}^{19-24} = \frac{34{,}18}{2} = 17{,}09 MBm .$$

5.4 кесте - 2-ші нұсқа үшін қалыпты режимдегі қуат балансы кестесі

Анықталатын параметрлер	Жылдың кезеңі	Уақыты, сағ		
		0-11	11-19	19-24
1. G1, G2 генераторының режимдері, МВт.	Қыс Жаз	45 35	50 40	45 35
2. G1, G2 генераторларының ө.м. жүктемесі, МВт.	Қыс Жаз	0,94 0,82	1 0,88	0,94 0,82
3.Т1, Т2 трансформаторы-нан өтетін қуат, МВт.	Қыс Жаз	44,06 34,18	49 39,12	44,06 34,18
4. Т1,Т2 әрбірінен өтетін қуат, МВт.	Қыс Жаз	22,03 17,09	24,5 19,56	22,03 17,09

5.2 1-ші нұсқа үшін трансформаторларды таңдау

Т1 трансформаторыныңқуаты 3 кестеде келтірілген оны ескере отырып олардың мүмкіндіктерін келесідей режімдермен анықтаймыз:

Қалыпты режим:

$$S_{T1} \geq \frac{P_{T1}}{\cos\varphi_{ном.г.}}\ ; \qquad (5.3)$$

$$S_{номT1} \geq \frac{P_{T1}}{\cos\varphi_{ном}} = \frac{49}{0{,}85} = 57{,}647 MBm\ .$$

Апаттық режимді есептегенде 40%-ды асқын жүктеме мүмкіншілігі ескеріледі:

$$S_{номT1} \geq \frac{P_{T1}}{1{,}4 \cdot \cos\varphi_{ном.г.}}\ ; \qquad (5.4)$$

$$S_{номT1} \geq \frac{P_{T1}}{1{,}4 \cdot \cos\varphi_{ном}} = \frac{49}{1{,}4 \cdot 0{,}85} = 41{,}176 MBA\ .$$

Жоғарыдағы режимдерді ескере отырып анықтамалық кітаптан Т1 -на ТДН-63000/220 трансформаторын таңдаймыз.

5.5 кесте - ТДН-63000/220 трансформаторларының техникалық деректері

Шығын,кВт		$S_{ном}, MBA$	$U_{к.т.}$, %			Заводтық құны, мың теңге
$Р_{б.ж.}$	$Р_{к.т.}$		ЖК-ОК	ЖК-ТК	ОК-ТК	
62	260	63		11,5		5,338

ТДН - трансформатор трехфазный, двухобмоточный с принудительной циркуляцией воздуха и естественной циркуляцией масла и системой регулирования напряжения под нагрузкой.

5.3 2-ші нұсқа үшін трансформаторларды таңдау

Т1, Т2 трансформаторларының әрбірінің қуаты 5.4 - кестеде келтірілген. Оны ескере отырып олардың мүмкіндіктерін келесідей режімдермен анықтаймыз:

Қалыпты режим:

$$S_{номТ1,Т2} \geq \frac{P_{Т1,Т2}}{\cos\varphi_{ном}} = \frac{24,5}{0,85} = 28,82MBA.$$

Апаттық режимді есептегенде 40%-ды асқын жүктеме мүмкіншілігі ескеріледі:

$$S_{номТ1,Т2} \geq \frac{P_{Т1,Т2}}{1,4 \cdot \cos\varphi_{ном}} = \frac{28,82}{1,4 \cdot 0,85} = 24,218MBm.$$

Жоғарыдағы режимдерді ескере отырып, анықтамалық кітаптан Т1, Т2 ТДН-32000/220 трансформаторын таңдаймыз [5,146 б].

5.6 кесте - ТДН-32000/220кВ трансформаторларының техникалық деректері

Шығын,кВт		$S_{ном}, MBA$	$U_{к.т.}$, %			Заводтық құны, мың теңге
$Р_{б.ж.}$	$Р_{к.т.}$		ЖК-ОК	ЖК-ТК	ОК-ТК	
53	167	32		11,5		3,260

5.4 Екі нұсқаның трансформаторларындағы электр энергиясының жылдық шығынын есептеу

Станцияның географиялық орналасу ауданы Алматы облысы: қыс-190 тәулік, жаз-175 тәулік жылдық балама температура +10С.

Энергия шығынының меншікті құны 0,0115 ш.б./кВтсағ – деп қабылдаймыз.

ТДН-63000/220-У1 *түрдегі Т-1трансформаторындағы энергияның жылдық шығыны*.

Трансформатор болатындағы энергия шығыны:

$$W_{б} = P_{б..ж.} \cdot 8760 = 62 \cdot 8760 = 543{,}12 \cdot 10^{3}\, кВт \cdot саг;$$

Трансформатордың тармақталған мыс орамындағы энергияның жылдық шығыны:

$$\Delta W_{M} = \frac{P_{K \cdot T}}{S^{2}_{ном} \cdot \cos^{2}\varphi} \cdot (P^{2}_{TP(0-11)^{3\cdot t}(0-11)+(19-24)} \cdot Ку + P^{2}_{TP(11-19)k\cdot t(11-19)k} \cdot Ку + P^{2}_{TP(0-8).ж(0-11)+(19-24).ж} \cdot$$

$$\cdot Жу + P^{2}_{TP(11-19).ж(11-19).ж} \cdot Жу) = \frac{260}{63^{2} \cdot 0{,}85^{2}} \cdot (44{,}06^{2} \cdot 16 \cdot 190 + 49^{2} \cdot 8 \cdot 190 + 34{,}18^{2} \cdot 16 \cdot$$

$$\cdot 175 + 44{,}06^{2} \cdot 8 \cdot 175) = 0{,}09 \cdot (5901502{,}144 + 3649520 + 3271162{,}72 + 2717797{,}04) =$$

$$= 1398{,}598 \cdot 10^{3}\, кВт \cdot саг.$$

ТДН-32000/220кВ түрдегі Т-1 Т-2 трансформаторындағы энергияның жылдық шығыны

Трансформатор болатындағы энергия шығыны:

$$W_{б} = P_{б..ж.} \cdot 8760 = 53 \cdot 8760 = 464{,}28 \cdot 10^{3}\, кВт \cdot саг;$$

Трансформатордың тармақталған мыс орамындағы энергияның жылдық шығыны:

$$\Delta W_{M} = \frac{P_{K \cdot T}}{S^{2}_{ном} \cdot \cos^{2}\varphi} \cdot (P^{2}_{TP(0-11)^{3\cdot t}(0-11)+(19-24)} \cdot Ку + P^{2}_{TP(11-19)k\cdot t(11-19)k} \cdot Ку + P^{2}_{TP(0-8).ж(0-11)+(19-24).ж} \cdot Жу +$$

$$+ P^{2}_{TP(11-19).ж(11-19).ж} \cdot Жу) = \frac{167}{32^{2} \cdot 0{,}85^{2}} \cdot [(22{,}03 \cdot 2)^{2} \cdot 16 \cdot 190 + (24{,}5 \cdot 2)^{2} \cdot 8 \cdot 190 + (17{,}09 \cdot 2)^{2} \cdot$$

$$16 \cdot 175 + (22{,}03 \cdot 2)^{2} \cdot 8 \cdot 175)] = 0{,}11 \cdot (5901502{,}144 + 3649520 + 3271162{,}72 + 2717797{,}04) =$$

$$= 1709{,}397 \cdot 10^{3}\, кВт \cdot саг.$$

1-ші нұсқа үшін трансформаторлардың барлық жылдық шығыны:

$$\Delta W = 543{,}12 \cdot 10^{3}\, кВт \cdot саг + 1398{,}598 \cdot 10^{3}\, кВт \cdot саг = 1941{,}718 \cdot 10^{3}\, кВт \cdot саг.$$

2-ші нұсқа үшін трансформаторлардың барлық жылдық шығыны:

$$\Delta W = 464{,}28 \cdot 10^{3}\, кВт \cdot саг + 1709{,}397 \cdot 10^{3}\, кВт \cdot саг = 2173{,}677 \cdot 10^{3}\, кВт \cdot саг.$$

5.5 1-ші және 2-ші нұсқаларды технико-экономикалық салыстыру

5.7 кесте - 1-ші және 2-ші нұсқаларды технико-экономикалық салыстыру

Бөліктердің атауы	Бірліктің есептік құны,ш.б.	1-нұсқа		2-нұсқа	
		бір.саны. дана	қосынды ш.б.	бір.саны. дана	қосынды ш.б.
1. ТДН-63000/220кВ	5338	1	5338		
2. ТДН-32000/220кВ	3260			2	6520
3.ЖТҚ ұяшықтары, 10кВ	1760	1	1760	2	2520
Барлығы:			7098		9040

5.8 кесте - Екі нұсқадағы барлық шығындарды салыстыру

Шығындар	1-нұсқа	2-нұсқа
1.Есептік қаржы салымы. Қ.ш.б	7098	9040
2.Амортизацияға шығару $U_a + U_{кк}$ ш.б.	0,084 · 7098 =596,232	0,084 ·9040 = 759,36
3.Энергия шығынының құны, $U_{шығ}$ ш.б.	0,0115· 1941718=22329,757	0,0115·2173677=24997,285
4.Минималды шығынды келтіру З min, ш.б.	0,12·7098+596,232+ +22329,757=23777,992	0,12·9040+759,36+24997,285= =26841,445

Мұндағы $P_a+P_o=(6,4+2)\%=8,4\%=0,084$

Энергия шығынының құны


$$U_{шыг} = \beta \cdot \Delta W, \beta = 0.0115 \text{ ш.б./кВт·сағ}$$

1-ші және 2-ш нұсқалардың шығындарының арасындағы айырмашылығы төмендегі өрнекпен анықталады:


$З_{\min\%} = \frac{26841,445 - 23777,992}{23777,992} \cdot 100\% = 12,8\%$ болғандықтан, 1-ші нұсқа тиімді болып табылады.

6 Қысқа тұйықталу тоғын есептеу

Үшфазалы ҚТ тоғын есептеу үшін 2 – суретте алмастыру сұлбасы көрсетілген.



6.1 сурет - Станцияның құрылымдық сұлбасы



6.2 сурет - Алмастыру сұлбасы

Базалық қуат кезінде $S_б = 100\,МВА$ жүйенің кедергісін анықтаймыз.

6.1 кесте - Екі нұсқадағы барлық шығындарды салыстыру.

Гидрогенератордың түрі	Номиналды қуаты		Cos Ψ	Асқын өтпелі индук- тивті кедергі X”d	Қоздырғыш	Салқындату		Бағасы, мың теңге
	Толық, МВА	Активті, МВт				Статордың орамы	Роторд ың орамы	
ВГС 525/110-24	29,4	25	0,85	0,18	М	В3	В3	

